

Э. ТУРКЕЕВА¹✉, Э. АЛИМКУЛОВА¹, Ұ. МАХАНБЕТОВА¹

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті

(Қазақстан, Түркістан), E-mail: e.turkeeva@iuth.edu.kz

МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ТИІМДІЛІККЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада мейрамхана бизнесінде инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі мен олардың қаржылық тиімділікке әсері қарастырылады. Қазіргі замандағы мейрамхана кешендері қонақтарға жоғары сапалы, жедел әрі дараланған қызмет көрсетуді талап етеді. Осыған байланысты инновациялық технологияларды қызмет көрсету процесіне енгізу – бәсекелестік қабілетті арттырудың маңызды шартына айналу. Бұл зерттеудің мақсаты – мейрамхана кешенінде заманауи цифрлық және автоматтандырылған технологияларды енгізудің тиімді жолдарын айқындау және нақты ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу жұмысы мейрамхана индустриясының даму үрдістерін, тұтынушылардың күтімі мен технологиялық жаңалықтарға бейімделу деңгейін талдауға бағытталған.

Зерттеу барысында брондау жүйелері, мобильді қосымшалар, электрондық мәзірлер мен автоматтандырылған тапсырыс жүйелері сияқты шешімдердің табыс құрылымына ықпалы талданады. Қазақстандық мейрамханалардағы инновациялық тәжірибелерге талдау жасалып, табыстылық көрсеткіштерімен өзара байланысы сараланады. Сонымен қатар, зерттеуде сапалы қызмет көрсету мен тұтынушы қанағаттанушылығын арттырудың бизнес табысына тікелей ықпал ететіні негізделді.

Мақаланың практикалық маңыздылығы – мейрамхана бизнесінің заманауи технологиялармен интеграциялануына нақты үлес қосу. Қорытындысында берілген ұсыныстар мейрамхана кешендерінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға және қонақтарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Кілт сөздер. мейрамхана кешені, инновациялық технологиялар, қонақтарға қызмет көрсету, цифрландыру, онлайн-брондау.

Кіріспе

Адамзат тарихында инновация дамудың қозғаушы күші мен көзі болды. Инновация дегеніміз – білім мен идеяларды тұтынушылық құндылығы бар өнімдерге немесе қызметтерге айналдыру процесі. Қазіргі уақытта инновация кез-келген кәсіпорынның ұзақ мерзімді

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Туркеева Э., Алимкулова Э., Маханбетова Ұ. Мейрамхана бизнесіндегі инновацияларды қолдану тәжірибесі мен қаржылық тиімділікке әсері // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. – 2025. – No4(10). – Б. 185–203. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-4.14>

*Cite us correctly: Turkeeva E., Alimkulova E., Mahanbetova U. Meyramkhana biznesindegi innovatsiyalardy qoldanu tazhiriebesi men qarzhylyq tiimdilikke aseri [Experience of implementing innovations in the restaurant business and their impact on financial efficiency] // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. – 2025. – No4(10). – B. 185–203. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-4.14>

тұрақты жұмысы мен дамуы үшін қажетті шарт болып табылады. Инновациялық процесс – бұл жаңа технологияларды коммерцияландыру немесе білімді инновацияға айналдыру процесі.

Елдің инновациялық дамуы Қазақстанның стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Инновациялық даму жолы инновацияларды белсенді енгізу есебінен де, инновациялық қызметтен түскен пайда есебінен ЖІӨ-нің өсуі арқылы да экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы экономикалық қатынастар тұрғысынан инновациялар тұтастай алғанда елді дамытудың басты стратегиялық объектісі болып табылады [1].

Қызмет көрсету нарығының өзінің өсу динамикасы бойынша ұлттық экономиканың көптеген секторларын басып озатын ең қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі – мейрамхана бизнесі. Сонымен қатар, бұл бизнес түрі ең тәуекелді салалардың бірі болып есептеледі, себебі жаңа мейрамханалардың 50%-ы бірінші жылы, 65%-ы екінші жылы банкротқа ұшырайды және тек оннан бір мейрамхана ғана 5 жыл бойы нарықта сақтала алады. Сондықтан осындай қатаң жағдайларда мейрамхана индустриясы кәсіпорындары тұтынушыларды тарту және олардың санын арттыру үшін жаңа басқару тәсілдерін енгізуі қажет. Мейрамхана бизнесіндегі жаңа концепциялар мен трендтер жаңа қонақтарды тартуға, клиенттің орташа чегін арттыруға және нарықта тұрақты табысқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта қызмет көрсету саласындағы инновациялар кез келген мейрамхана үшін маңызды фактор болып табылады [2].

Қазіргі әлемде инновациялық технологиялар біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Олар көптеген процестерді жеңілдетіп, автоматтандыруға, кез келген уақытта және кез келген жерде ақпарат алуға және әртүрлі қызметтермен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Мейрамханалар мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары өз қызметін жетілдіру және тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін инновациялық технологияларды белсенді түрде қолдана бастады.

Цифрлық технологияларды енгізу және пайдалану мейрамхана бизнесіне бірнеше аспект бойынша елеулі әсер етеді. Біріншіден, олар қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қаржылық қызметін тиімді басқаруға мүмкіндік береді, бұл жалпы тиімділік пен рентабельділіктің артуына ықпал етеді. Екіншіден, ақпараттық технологиялар бірегей адалдық бағдарламаларын құру және жекелендірілген қызметтер ұсыну арқылы клиенттермен тығыз байланыс орнатуға жағдай жасайды. Үшіншіден, цифрлық құралдар маркетингтік стратегиялардың ажырамас бөлігіне айналып, кәсіпорындардың бәсекелестік артықшылықтарын күшейтеді [3].

Мобильді қосымшалар мен онлайн тапсырыс беру жүйелері арқылы тұтынушыларға ыңғайлы қызмет көрсету қамтамасыз етіліп, нарықтағы бәсекелестік деңгейі артуда. Сонымен қатар робототехника мен жасанды интеллект технологияларын пайдалану тағам дайындау процестерін оңтайландыруға, өнім сапасын бақылауға және қызмет көрсету уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы аясында мейрамхана кешенінде қолдануға болатын инновациялық технологиялар мен цифрлық құралдар жан-жақты қарастырылды. Қызмет көрсету сапасын арттыруға, клиенттердің қанағаттанушылығын қамтамасыз етуге және ішкі операциялық үдерістерді оңтайландыруға бағытталған тиімді шешімдер таңдалды. Атап айтқанда, онлайн-брондау, цифрлық мәзір, онлайн тапсырыс беру және қолма-қол ақшасыз төлем функцияларын біріктіретін жүйелерді енгізу ұсынылады.

Мұндай инновациялық технологияларды қолдану мейрамханалардың қызмет көрсету

деңгейін арттырып, клиенттердің қанағаттануын қамтамасыз етеді, сондай-ақ бәсекелестерден ерекшеленуге және жаңа тұтынушыларды тартуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты мейрамхана индустриясындағы инновациялық технологияларды зерттеу саланың даму перспективаларын айқындауға мүмкіндік беретін өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Қазақстанда қоғамдық тамақтандыру саласы жаһандық технологиялық трендтерге сәйкес дамып келе жатқанымен, инновацияларды толыққанды енгізу белгілі бір қиындықтармен ұштасады. Сондықтан инновациялық технологиялардың коммерциялық тиімділігін зерттеу мейрамхана бизнесінің стратегиялық дамуын қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды.

Бұл мақалада мейрамхана индустриясындағы инновациялық технологиялардың қолданылуын кешенді бағалау үшін әдеби талдау, салыстырмалы және эмпирикалық зерттеу әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында отандық және шетелдік тәжірибелер сарапталып, цифрлық трансформацияның қаржылық көрсеткіштерге және тұтынушылардың қанағаттану деңгейіне әсері бағаланды.

Қызмет көрсету саласындағы инновациялық технологиялардың негіздері, түрлері және даму бағыттары

Инновациялық технологиялар қазіргі қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады, себебі олар өндіріс, бизнес, білім беру және қызмет көрсету салаларында тиімділікті арттыруға ықпал етеді. Инновация ұғымы әртүрлі авторлар тарапынан әрқалай түсіндірілгенімен, олардың барлығы жаңа идеяларды тәжірибеде іске асыру арқылы құндылық қалыптастыруды көздейді. Төмендегі кестеде инновациялық технологиялардың негізгі анықтамалары келтірілген.

Кесте - 1 – Инновация ұғымына түсініктеме

Анықтама көзі	Инновация ұғымының анықтамасы
ISO 56000:2020	«Инновация – жаңа немесе өзгерген нысан, ол құндылықты іске асырады немесе қайта бөледі» [4].
WIPO (ДЗМО)	«Пайда болып келе жатқан технологиялар – бұл дамуының ерте кезеңіндегі жаңа, инновациялық технологиялар, олардың қоғамға, экономикаға айтарлықтай әсер ету әлеуеті бар» [5].
Афуаһ	«Инновация – өнімдерге, процестерге және қызметтерге енгізілген жаңа білім» [6].
<i>Ескерту: авторлармен [4],[5],[6] әдебиттер негізінде құрастырылды</i>	

Көптеген зерттеушілер инновацияларды әртүрлі түрде сипаттағанымен, олардың анықтамаларында ортақ ерекшелік – жаңалық енгізу, оны іске асыру арқылы құндылық пен тиімділікті арттыру болып табылады [7]. Яғни, инновациялық технологиялар – жаңа идеяларды практикалық тұрғыда қолданып, бұрынғы өнім немесе қызмет сапасын жақсартатын немесе мүлде жаңа өнім, қызмет түрін қалыптастыратын технологиялар. Мұндай технологиялар жаңашылдығымен, пайдалы нәтиже беруімен және кең таралу

Сонымен қатар инновациялық технологиялар қоғамның барлық салаларында маңызды рөл атқарады және экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады.

Қазіргі әлемде инновациялық технологиялардың даму қарқыны бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Бұл үрдіс экономиканың, әлеуметтік саланың, ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты. Инновациялық технологияларды дамытудағы негізгі бағыттардың бірі – цифрландыру. Ақпараттық технологиялардың дамуы бизнес процестерді

автоматтандыруға, деректерді тиімді өңдеуге және жасанды интеллект негізінде шешім қабылдау жүйелерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Әсіресе, Big Data және бұлтты есептеулер бизнестің, қаржы саласының және мемлекеттік басқарудың ажырамас бөлігіне айналып, операцияларды оңтайландыруға жағдай жасап отыр.

Мейрамхана индустриясында инновациялық технологияларды қолдану

Мейрамхана индустриясы бәсекелестігі жоғары сала болғандықтан, кәсіпорындардың тұрақты дамуы мен танымалдылығын арттыру үшін инновациялық технологияларды пайдалану аса маңызды. Технологиялар брендтің танымалдылығын арттыруға, клиенттерді тартуға және олардың тұрақты тұтынушыға айналуына ықпал етеді. Бүгінде цифрлық маркетинг, жасанды интеллект, big data, мобильді қосымшалар мен автоматтандыру жүйелері мейрамханалардың брендині ілгерілетуде негізгі рөл атқарады.

Мейрамхана бизнесіндегі инновациялар клиенттерге қызмет көрсетудің жаңа деңгейін ұсынады. Мысалы, мобильді қосымшалар арқылы тапсырыс беру жүйелері тұтынушыларға өздері қалаған уақытта тағамға тапсырыс беруге және кезек күтпей, ыңғайлы қызмет алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, инновациялық технологияларды енгізу арқылы ас дайындау процесі автоматтандырылып, уақытты үнемдеуге және тағам сапасын жақсартуға жағдай жасайды. Роботтандырылған асүй жабдықтары тағамдарды стандартталған рецептураға сай дайындап, қателіктер мен шикізаттың артық шығынын азайтады.

Әлеуметтік желілер, SEO-оптимизацияланған веб-сайттар, электронды жарнама және клиенттердің пікірлерін талдау сияқты құралдар брендтің тартымдылығын арттырып, тұтынушыларды тұрақты клиентке айналдыруға ықпал етеді. Бәсекелестік жоғары ортада бұл әдістер мейрамханаларға нарықтағы орнын нығайтуға және табыс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану мейрамханалар үшін клиенттермен өзара әрекеттесудің ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Бүгінде Instagram, TikTok, Facebook және YouTube сияқты платформаларда мейрамханалардың аккаунттары белсенді түрде жүргізілуде. Бұл платформаларда мейрамханалар мәзірдегі жаңа тағамдарды, тағам дайындау процесін, арнайы жеңілдіктер мен акцияларды, клиенттердің пікірлері мен шолуларын жариялап, аудиториямен байланыс орната алады. Әлеуметтік желілердің алгоритмдері брендтік контенттің кең аудиторияға жетуін қамтамасыз етіп, жаңа клиенттер тартуға ықпал етеді. Мысалы, TikTok-тағы қысқа форматтағы видеолар мен Instagram-дағы stories арқылы мейрамхана клиенттердің қызығушылығын арттырып, олардың брендке деген сенімін күшейте алады.

SEO-оптимизацияланған веб-сайттар да брендтің онлайн кеңістіктегі танымалдығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Егер мейрамхананың веб-сайты дұрыс оңтайландырылса, ол Google іздеу жүйесінде жоғары позицияға ие болып, әлеуетті клиенттердің назарын аударады. SEO-оңтайландырудың негізгі әдістеріне кілт сөздерді қолдану, сапалы контент ұсыну, мобильді үйлесімділік және жүктеу жылдамдығын жақсарту жатады. Мысалы, пайдаланушылар Google-ден «ең жақын мейрамхана» немесе «үздік суши мейрамханалары» деп іздегенде, SEO-оңтайландырылған мейрамханалар бірінші бетте шығатын болады. Бұл мейрамхананың трафигін көбейтіп, жаңа клиенттер тартуға көмектеседі.

Мейрамхана бизнесінде жаңа технологияларды қолдану қажет қызмет көрсету саласының бірі. Қазіргі өмірдің қарқынды өсуін ескере отырып, әр секунд сайын көптеген адамдар мейрамханадағы қызмет сапасына қанағаттанбайды, ал кейде мейрамханаларда орын жетіспеу жағдайлары пайда болады. Бұл мәселені шешуге Ақпараттық технологиялар көмектеседі. Осы жылдар ішінде оны өзінің мейрамхана бизнесінде пайдаланатын елдер

бәсекелестік артықшылықтарға ие болып, елеулі табыстарға қол жеткізді. Әр түрлі елдердегі мейрамхана бизнесінде қандай жаңа технологияларды қолдануға болатындығын анықтайық. Біріншіден, бұл Интернет желісіндегі өзіндік веб-сайттың болуы, онда мейрамхана туралы ақпаратты ғана емес, сонымен қатар азық-түлікке тапсырыс беріп, электронды төлем жүйелерін пайдаланып төлем жасай алуға болады. Қосымша бәсекелестік артықшылықтарды алу үшін туристерді тарту үшін мейрамханаларда Wi-Fi орнатып, оған тегін қол жеткізе алады. Шынында да, сол деңгейдегі бірнеше мейрамханалар арасында келуші тегін Wi-Fi бар мейрамхананы таңдайды. Мұндай мейрамханада адам тек түскі ас ішіп қана қоймайды, сондай-ақ әрдайым демалып, желіде тұра алады: электрондық поштаны тексеріп, достарымен әңгімелесу. Қазіргі уақытта мейрамхананың келушілеріне Wi-Fi нүктесін тегін пайдалануға мүмкіндік беру қалыпты жағыдай ретінде қарастырылған қарастырылған. Екіншіден, тапсырысты автоматтандыру. Технология дәстүрлі мәзірдің орнына әрбір үстелде планшетті компьютерге негізделген электрондық мәзір бар. Жапонияда ұқсас жүйені Aska T3 компаниясы шығарады. Ал Microsoft корпорациясы Microsoft Surface шешімін әзірледі, ол бүкіл кестені үлкен сенсорлық экранға айналдырады. Еуропа мен Америка Құрама Штаттарында 2000-ші жылдары осындай гаджеттерді енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл мейрамханада клиентке оңай және ыңғайлы кіруге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, онлайн брондау жүйесі де мейрамхананың қызмет аясын кеңейтіп, қонақтарға алдын ала орын резервтеуге мүмкіндік береді. Бұл, бір жағынан, клиентке сенімділік берсе, екінші жағынан, мекеме әкімшілігіне қызмет сапасын арттыруға жол ашады [8].

Шетелдік мейрамхана және қонақ үй бизнесінде кеңінен қолданылатын инновациялық технологиялар бизнестің тиімділігін арттыруда маңызды құралға айналды. Кабашева Н.В. өз зерттеуінде шетелдік тәжірибеде қолданылатын чат-боттар, жасанды интеллект элементтері және автоматтандырылған басқару жүйелерінің артықшылықтарын жан-жақты талдай отырып, олардың мейрамхана сервисінің сапасын арттырудағы орнын нақты мысалдармен сипаттайды. Мұндай технологиялар қызмет көрсету процесін жеделдетіп, клиентпен байланыс орнатуда икемділік береді, бұл өз кезегінде тұтынушының қанағаттануын және брендке деген сенімін арттыруға ықпал етеді [9].

Брондау әлемнің барлық елдеріндегі өмірдің ажырамас бөлігі болды. Тіпті кедей елдерде, Чад пен Сомалиядағы барларда және мейрамханаларда бар. Әлемнің түрлі мекемелерінде 14 млн. – нан астам бронь күн сайын жүзеге асырылады: олардың 95% - ы телефон қоңырауы арқылы, ал 5% - ы ғана Интернет арқылы жүргізіледі. On-line брондау бойынша ең озық қалалар Токио, Осака, Лос-Анджелес, Нью-Йорк және Сан-Франциско болып табылады. Мұнда online-резервтер телефондық қорлардан айналып, өтінімдердің жалпы санының 55% - дан астамын құрады. Қазіргі уақытта әлемде 37 мейрамхана бар, оларға тек интернет арқылы өтінім арқылы ғана кіруге болады. Оның 22-сі Азияда орналасқан. Әлемдегі ең ірі бронератор-Opentable Сервисі - оның базасында 28000-нан астам мекеме. Ал, Қазақстанда 500-ден астам кафе, бар және мейрамханалар бар Stoliki сервисі бірінші орынды алады. Егер мейрамханаларды брондауды дамыту сол қарқынмен жүрсе, онда 2025 жылға қарай әлемдегі 10 өтінімнің 9-ы интернет-резервтеу арқылы қалдырылады [8].

Электронды жарнамалар брендтің көрінуін арттыруда аса маңызды. Google Ads, Facebook Ads және Instagram Ads сияқты жарнамалық платформалар арқылы мейрамханалар өздерінің мақсатты аудиториясына тікелей жарнама көрсете алады. Бұл әдіс әлеуетті клиенттердің назарын аударып, мейрамханаға келушілер санын арттыруға мүмкіндік береді. Электронды жарнамалардың артықшылығы – олар тұтынушылардың мінез-құлқына қарай бейімделе алады. Мысалы, егер клиент бұған дейін мейрамхана сайтына кірген болса, оған

ретаргетинг жарнамалары арқылы арнайы ұсыныстар көрсетуге болады.

Big Data және тұтынушылардың пікірлерін талдау мейрамханаларға клиенттердің талғамын зерттеуге және олардың қажеттіліктеріне сай қызмет ұсынуға көмектеседі. Тұтынушылардың пікірлері мен шолулары олардың брендке деген көзқарасын көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. TripAdvisor, Google Reviews және Zomato сияқты платформаларда клиенттердің пікірлерін жинақтап, оларды талдау мейрамхана үшін өте тиімді. Мысалы, егер белгілі бір тағамға қатысты бірнеше клиенттен теріс пікір келсе, мейрамхана мәзірді қайта қарастырып, сапаны жақсартып алады. Сонымен қатар, Big Data технологиялары арқылы клиенттердің тапсырыс беру тарихын, сүйікті тағамдарын және оларға қолайлы уақыттарды талдап, дербестендірілген ұсыныстар жасауға болады. Бұл әдіс клиенттермен қарым-қатынасты нығайтып, олардың мейрамханаға деген сенімін арттыруға көмектеседі.

Кесте - 2 – Мейрамханаларда цифрлық маркетинг құралдарын қолдану

№	Цифрлық маркетинг құралы	Қолдану салалары	Артықшылықтары	Қиындықтары
1	Әлеуметтік желілер (Instagram, TikTok, Facebook)	Мейрамхананың брендині танымал ету, клиенттермен байланыс орнату	Клиенттермен тікелей байланыс, визуалды тартымдылық	Белсенді жүргізуді талап етеді, тұрақты контент жасау қажет
2	SEO-оптимизацияланған веб-сайт	Google іздеу жүйесіндегі көріну деңгейін арттыру	Клиенттерді органикалық түрде тарту, брендке сенімділікті арттыру	Тұрақты оңтайландыру қажет, бәсекелестік жоғары
3	Электронды жарнамалар (Google Ads, Facebook Ads)	Клиенттерді таргетинг арқылы тарту	Нақты мақсатты аудиторияға бағыттау, инвестицияның қайтарымы жоғары	Жарнамалық шығындардың болуы, дұрыс стратегияны қажет етеді
4	Big Data және тұтынушылардың пікірлерін талдау	Клиенттердің мінез-құлқын зерттеу, дербестендірілген ұсыныстар жасау	Клиенттердің қажеттіліктерін дәл болжау, брендке деген сенімділікті арттыру	Деректерді дұрыс өңдеу қажет, арнайы бағдарламалар мен сараптама қажет
<i>Ескерту: авторлармен [10] әдебиеттер негізінде құрастырылды</i>				

2-кестеден көріп отырғанымыздай, цифрлық маркетинг құралдары мейрамханалардың брендині ілгерілетуде әртүрлі бағытта тиімділігін көрсетеді. Әлеуметтік желілер визуалды контент арқылы брендті танымал етіп, клиенттермен тікелей қарым-қатынас орнатуға көмектеседі, бірақ оларды белсенді жүргізу тұрақты еңбекті талап етеді. SEO-оптимизацияланған веб-сайт мейрамхананың Google іздеу жүйесіндегі көріну деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, бірақ ол үшін техникалық оңтайландыру қажет.

Электронды жарнамалар брендинің кең аудиторияға жетуіне мүмкіндік берсе де, белгілі бір қаржылық шығындарды талап етеді. Дұрыс стратегия болмаса, жарнамадан алынатын нәтиже төмен болуы мүмкін. Big Data және клиенттердің пікірлерін талдау мейрамханаларға тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеуге көмектесіп, олардың қалауын болжауға мүмкіндік

береді, бірақ ол үшін деректерді өңдеу мен талдау қабілеті жоғары болуы тиіс.

Liva Deksnе және Arturs Kempelis жетекшілігімен жазылған «Automated System for Restaurant Services» атты ғылыми мақалада мейрамхана бизнесінде смарт-жүйелерді енгізудің тиімділігі кеңінен қарастырылған. Авторлар ұсынған автоматтандырылған жүйе қызмет көрсету уақытын 52,76%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік беретінімен ерекшеленеді. Бұл жүйе тапсырыс қабылдау, ас дайындау және жеткізу процестерін оңтайландырып, адам факторының ықпалын азайтады. Нәтижесінде, мейрамхана жұмысының өнімділігі артып, клиентке қызмет көрсету жылдамдығы мен сапасы жаңа деңгейге көтеріледі [10].

Кениядағы мейрамханаларда тапсырыс беру, жеткізу және төлем қызметтерін автоматтандыру бойынша жүргізілген бұл зерттеу клиенттерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыруда жаңа технологиялардың маңызын ашып көрсетеді. Авторлар автоматтандырылған жүйелердің адам қателігін азайтып, тапсырыстарды өңдеу уақытын қысқартатынын және тұтынушы тәжірибесін жақсартуға тікелей ықпал ететінін дәлелдейді. Бұл жүйелер мейрамханаларға тиімді басқару құралы ретінде қызмет етіп, кірістің өсуіне әсер етеді [11].

Rasulov R. өз мақаласында мейрамхана индустриясындағы тікелей сатылым процестерін автоматтандырудың экономикалық тиімділігін саралайды. Зерттеуде автоматтандырылған шешімдердің еңбек шығындарын азайту, тапсырыстарды өңдеуді жеделдету және қызмет сапасын арттыру арқылы табыс көлемін көбейтетіні нақтыланған. Автор мейрамхана бизнесін цифрландырудың стратегиялық артықшылықтарын кешенді түрде қарастырады [12].

Luis Sanchez мақалада жасанды интеллектке негізделген тапсырыс пен төлем жүйелерін енгізудің жылдам қызмет көрсететін мейрамханалардағы маңызын сипаттайды. Автор AI технологияларының клиенттің мінез-құлқын болжау, жеке ұсыныстар жасау және қызметті жекелендіру арқылы клиентпен қарым-қатынасты күшейтетініне назар аударады. Бұл тәсілдер мейрамхана брендінің бәсекелік артықшылығын арттырады [13].

«Contactless Food Ordering System» мақалада байланыссыз тапсырыс беру жүйелерінің COVID-19 пандемиясынан кейінгі мейрамхана индустриясындағы қажеттілігі мен рөлі сипатталады. Авторлар тұтынушыларға ұялы телефон немесе планшет арқылы QR-код көмегімен тапсырыс беру мүмкіндігін ұсыну арқылы гигиеналық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жолын көрсетеді. Сонымен қатар, байланыссыз жүйелер клиентке ыңғайлы және уақытты үнемдейді [14].

Қазіргі таңда мейрамханаларда қызмет көрсетудің жылдамдығы мен қауіпсіздігі басты басымдықтардың бірі болып табылады. Автоматтандырылған төлем жүйелері тұтынушыларға ыңғайлы жағдай жасап қана қоймай, мейрамхана бизнесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Қолма-қол ақшасыз төлем әдістерінің кеңінен таралуы клиенттердің төлем жасау процесін жеңілдетіп, олардың мейрамханаға деген сенімін арттырады. Контактсыз төлем, QR-код арқылы төлем жасау және криптовалюта қабылдау сияқты жаңашылдықтар төлем жүргізуді анағұрлым ыңғайлы әрі қауіпсіз етеді. Бұл технологиялар кезек күту уақытын қысқартып, клиенттерге жылдам әрі тиімді қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Автоматтандырылған CRM (Customer Relationship Management) жүйелері мейрамхана бизнесінің тиімділігін арттыруда үлкен рөл атқарады. Бұл жүйелер клиенттер туралы деректерді жинақтап, олардың тапсырыс беру тарихын, сүйікті тағамдарын, жиі келетін уақыттарын және басқа да маңызды ақпараттарды талдауға мүмкіндік береді. Осындай мәліметтердің негізінде мейрамхана әкімшілігі тұтынушыларға арнайы ұсыныстар жасап, лоялдылық бағдарламаларын іске асыра алады.

Автоматтандырылған төлем жүйелерінің тағы бір маңызды артықшылығы – қаржылық есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету. Кассалық есепті жүргізу технологиялары арқылы

мейрамханалар барлық қаржылық операцияларды бақылай алады, салықтық есептерді автоматты түрде қалыптастырып, заңнамалық талаптарға сай бола алады. Бұл жүйелер қаржылық шығындарды оңтайландыруға және адами факторға байланысты қателерді азайтуға көмектеседі [15].

Автоматтандырылған төлем жүйелері мейрамхана бизнесін дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл жүйелер кассалық есепті жеңілдетіп қана қоймай, клиенттерге ыңғайлы төлем жасауға мүмкіндік береді. Өртүрлі төлем әдістерін қолдану арқылы мейрамханалар қызмет көрсету жылдамдығын арттырып, бәсекелестерден ерекшелене алады. Төменде мейрамханаларда қолданылатын негізгі автоматтандырылған төлем жүйелерінің әдістері көрсетілген.

Кесте - 3 – Мейрамханаларда автоматтандырылған төлем жүйелерін енгізу әдістері

№	Автоматтандырылған төлем жүйесі	Қолдану әдістері
1	Контактсыз төлем жүйесі (NFC)	Клиенттер банк карталарын немесе смартфондарын төлем терминалына жақындату арқылы төлем жасайды. NFC технологиясы негізінде жұмыс істейді.
2	QR-код арқылы төлем	Мейрамхана төлем жасау үшін арнайы QR-код жасайды. Клиент смартфондағы банк қосымшасы немесе электронды төлем жүйесі арқылы QR-кодты сканерлеп, төлем жасайды.
4	Автоматтандырылған кассалар (self-service kiosks)	Мейрамханаларда өзін-өзі қызмет көрсету терминалдары орнатылады. Клиент мәзірден тағамды таңдап, төлемді терминал арқылы жүргізеді.
5	Мобильді қосымшалар арқылы төлем	Мейрамхананың жеке мобильді қосымшасы немесе серіктес платформалар (Glovo, Wolt) арқылы алдын ала тапсырыс беріп, онлайн төлем жасауға мүмкіндік беріледі.
6	CRM жүйелері арқылы төлем және бонустар	Клиенттердің шоты лоялдылық бағдарламасына қосылады, олар бонус жинап, жеңілдіктерді қолдана алады. Төлем клиенттің шотындағы ұпайлар немесе арнайы ұсыныстар арқылы жүзеге асады.
<i>Ескерту: кесте авторлармен құрастырылды</i>		

3-кестеден көріп отырғанымыздай, автоматтандырылған төлем жүйелерінің әртүрлі әдістері бар, және олардың әрқайсысы мейрамхана қызметін оңтайландыруға бағытталған. Контактсыз төлем жүйелері (NFC) клиенттерге банк картасы немесе смартфон арқылы жылдам төлем жасауға мүмкіндік береді, бұл әсіресе фаст-фуд мейрамханалары үшін тиімді. QR-код арқылы төлем кассирмен тікелей байланыс орнатпай-ақ төлем жасауға мүмкіндік береді, бұл цифрлық төлемдерге сұранысы жоғары аймақтарда кеңінен қолданылады.

Қазіргі таңда тұтынушылар тек сапалы тағам ғана емес, сонымен қатар ерекше тәжірибе алуға да қызығады. Бұл тенденция мейрамхана индустриясында жаңа технологияларды енгізуге түрткі болды. Виртуалды және толықтырылған шындық (VR/AR) технологиялары клиенттердің мейрамханадағы тәжірибесін жақсарту үшін қолданылып, оларды брендпен тереңірек байланыстыруға мүмкіндік береді. Осы технологиялардың көмегімен мейрамханалар дәстүрлі қызмет көрсетуден ерекшеленіп, тұтынушыларға ерекше әсер қалдыруға бағытталған жаңашылдықтар ұсынады.

Толықтырылған шындық (AR) технологиясы тағам мәзірін жандандыруға мүмкіндік береді. Клиенттер мобильді қосымшаны немесе арнайы AR құрылғыларын қолдана отырып,

мәзірдегі тағамдарды 3D үлгіде көре алады. Бұл әдіс тағамның нақты өлшемін, ингредиенттерін және дайын күйін визуалды түрде көрсетуге көмектеседі. Әсіресе, жоғары деңгейлі асханаларда AR технологиясын пайдалану клиенттерге тағам таңдау процесін жеңілдетіп, олардың дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді. Мысалы, KabaQ AR технологиясын қолданатын мейрамханаларда клиенттер тағамдарды 360 градустық көру мүмкіндігіне ие.

Виртуалды шындық (VR) технологиясы клиенттерге тағам дайындау процесін интерактивті түрде бақылауға немесе арнайы гастрономиялық турларға қатысуға мүмкіндік береді. Кейбір мейрамханалар VR көзілдіріктерін пайдалана отырып, клиенттерге тағам дайындаудың әртүрлі кезеңдерін көрсетеді немесе белгілі бір тағамның шығу тарихын баяндап, ас әзірлеу мәдениетін түсіндіреді. Мысалы, Sublimotion (Испания) мейрамханасы VR технологиясын пайдаланып, қонақтарға тағам дайындаудың ерекше визуалды тәжірибесін ұсынады.

Гастрономиялық турлар мен интерактивті кеңестер VR/AR технологиялары арқылы жүзеге асырылады. Клиенттер белгілі бір елдің асханасына виртуалды саяхат жасап, сол елдің тағам дайындау дәстүрімен таныса алады. Бұл технологиялар тұтынушыларды мейрамханаға қайта оралуға ынталандырып, оларды брендпен байланыстырылған ерекше әсерге бөлейді.

VR/AR технологиялары клиенттердің тапсырыс беру тәжірибесін жаңа деңгейге көтереді. AR арқылы тағамның калория мөлшерін, құрамындағы ингредиенттерді, аллергиялық факторларды көруге болады. Бұл әсіресе, вегетариандық, диеталық немесе аллергиясы бар клиенттер үшін өте пайдалы. Сонымен қатар, VR технологиялары тамақтану процесін ойын түрінде ұйымдастыруға көмектеседі. Мысалы, кейбір балаларға арналған мейрамханалар VR ойындарын қосып, балаларға тағам күту уақытын көңілді әрі қызықты етіп ұйымдастырады.

VR/AR технологияларын енгізу арқылы мейрамханалар өз клиенттеріне бірегей, есте қаларлық тәжірибе ұсына алады. Бұл технологиялар мейрамханалардың инновациялық имиджін қалыптастырып, клиенттердің қанағаттану деңгейін арттырады. Интерактивті мәзірлер, тағам дайындау процесін бақылау, гастрономиялық турлар, интерактивті ойындар – мұның барлығы тұтынушылардың есте қаларлықтай ерекше тәжірибе алуына ықпал етеді.

Кесте - 4 – VR/AR технологияларын мейрамхана бизнесінде қолдану әдістері

№	Қолдану әдістері	Ерекшеліктері
1	Интерактивті AR мәзірлері	Клиенттер тағамдардың 3D үлгісін көріп, өлшемін, ингредиенттерін және дайындау әдісін зерттей алады.
2	VR арқылы тағам дайындау процесін бақылау	Клиенттер тағамның қалай дайындалатынын виртуалды түрде көре алады, бұл тағамның сапасына деген сенімділікті арттырады.
3	Гастрономиялық турлар	Клиенттер виртуалды шындық арқылы әлемдік асханаларды зерттей алады және белгілі бір тағамның тарихымен танысады.
4	VR ойындары және интерактивті контент	Балаларға арналған мейрамханаларда тағам күту уақытын қызықты ету үшін VR ойындары қолданылады.
5	AR арқылы тағамның құрамын зерттеу	Клиенттер тағамның калория мөлшерін, ингредиенттерін және аллергиялық факторларын AR көмегімен көре алады.
<i>Ескерту: кесте авторлармен құрастырылды</i>		

4-кестеден көріп отырғанымыздай, VR және AR технологиялары мейрамханадағы клиенттік тәжірибені жақсартуға бағытталған әртүрлі әдістер арқылы қолданылады. Интерактивті AR мәзірлері клиенттерге тағамдардың визуалды 3D үлгісін көруге мүмкіндік береді, бұл тағамды таңдауды жеңілдетеді. VR арқылы тағам дайындау процесін бақылау тұтынушыларға мейрамхана асүйінде не болып жатқанын көруге мүмкіндік беріп, тағам сапасына деген сенімділікті арттырады.

Жеткізу қызметін жетілдіру де мейрамхана бизнесіндегі маңызды инновациялық бағыттардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда көптеген мейрамханалар Glovo, Wolt, Yandex Food, Uber Eats сияқты онлайн-платформалармен бірігіп, тамақ жеткізуді автоматтандырған. Кейбір мейрамханалар өздерінің жеке мобильді қосымшаларын әзірлеп, онлайн-тапсырыс қабылдап, тұтынушыларға арнайы бонустар мен жеңілдіктер ұсынады. Бұл әдіс клиенттердің мейрамханаға деген қызығушылығын арттырып, олардың тұрақты тұтынушыға айналуына ықпал етеді.

Технологияларды енгізудің тағы бір маңызды артықшылығы – мейрамхана шығындарын оңтайландыру. Инновациялық шешімдер, мысалы, ақылды қойма жүйелері мен автоматтандырылған жеткізу жүйелері тағам өнімдерін үнемді пайдалануға, шикізаттың артық ысырап болуын азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, энергия үнемдейтін құрылғылар мен экологиялық таза технологияларды енгізу арқылы мейрамханалар өз шығындарын азайтып қана қоймай, экологиялық жауапкершілікке ие кәсіпорын ретінде өз брендин қалыптастыра алады.

Қазіргі тұтынушылар сапалы қызмет көрсету ғана емес, сонымен қатар мейрамхананың экологиялық жауапкершілігін де бағалайды. Осыған байланысты көптеген мейрамханалар пластиктен бас тартып, биоыдырайтын қаптамалар мен экологиялық таза өнімдер қолдануға көшіп жатыр. Бұл – мейрамхананың тұрақты даму стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Экологиялық жауапкершілікті арттыру, қалдықтарды қайта өңдеу, органикалық өнімдерді пайдалану – бүгінде брендке оң имидж қалыптастыратын маңызды факторлар.

Осылайша, инновациялық технологиялар мейрамхана кәсіпорындарының брендин ілгерілетудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Цифрлық маркетинг, мобильді қосымшалар, big data талдау, AR/VR технологиялары, автоматтандыру және экологиялық жауапкершілік стратегиялары брендин танымалдығын арттыруға ықпал етеді. Бұл технологияларды тиімді қолдану мейрамханаларға нарықтағы бәсекелестерден ерекшеленуге, тұрақты клиенттік базаны қалыптастыруға және ұзақ мерзімді табысты дамуға мүмкіндік береді.

Мейрамхана бизнесіндегі инновациялық технологиялардың табыс құрылымына ықпалы (Қазақстан мысалында)

Соңғы жылдары Қазақстандағы мейрамхана индустриясы технологиялық жаңашылдықтарды белсенді енгізу арқылы өз даму қарқынын арттыруда. Бұл үрдіс әсіресе тұтынушыға бағытталған қызмет көрсету сапасын жақсарту мен операциялық тиімділікті арттыру бағытында айқын көрінеді. Мейрамханаларда QR-менюлер, онлайн тапсырыс беру жүйелері және мобильді төлем сервистері кеңінен қолданылып келеді [1].

Инновациялық технологиялардың енгізілуі мейрамхана табыстылығының жаңа деңгейіне көтерілуіне ықпал етуде. Сандық шешімдер арқылы қызмет көрсету жылдамдығы артты, бұл клиенттердің қанағаттану деңгейін жоғарылатып, тұрақты келушілер санының өсуіне әкеледі. Сонымен қатар, тапсырыстарды автоматты түрде өңдеу адам ресурстарына кететін шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Көптеген мейрамхана иелері қазіргі таңда табыстың артуына ықпал ететін негізгі фактор ретінде бизнес-процестерді толықтай цифрландыруды атап өтуде. Цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы олар клиенттерге бағытталған қызметтерді жетілдіріп қана қоймай, ішкі басқару механизмдерін де оңтайландырып отыр. Атап айтқанда, CRM (Customer Relationship Management) жүйелерін енгізу тұтынушылармен қарым-қатынасты жүйелі түрде

